



010000, Астана қаласы,
Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй,
"Министрліктер үйі" ғимараты, № 15 кіреберіс
Тел.: 8 (7172) 74 01 07, 8 (7172) 74 04 54
e-mail: kense@mks.gov.kz.

010000, город Аст
Есильский район, проспект Мәңгілік Ел, дс
здание "Дом министерств", подъезд №
тел.: 8 (7172) 74 01 07, 8 (7172) 74 0
e-mail: kense@mks.gov

№ _____

14.12.2017-ҒЫ № 06-01-04/331-Д ШЫҒЫС ХАТЫ

**Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі
«Нұр Отан» және «Ақ жол»
демократиялық
партияларының Парламенттік
фракцияларының мүшелеріне
(тізім бойынша)**

*2017 жылғы 16 қарашадағы
№ ДС-280 хатқа*

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Сіздердің Алаштың бас ақыны, қазақ поэзиясының хас шебері Мағжан Жұмабаевтың туғанына 125 жыл толуына орай Мағжан оқуларын өткізу жөніндегі депутаттық сауалдарыңыз бойынша келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 73 бұйрығымен бекітілген 2018 жылы өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесіне көрнекті жазушы, ақын, публицист М. Жұмабаевтың 125 жылдық мерейтойы енгізілген.

Осыған орай, 2018 жыл бойында республикамыздың барлық өңірлеріндегі мәдениет мекемелері және жоғары оқу орындарында Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы мен өміріне, қайраткерлік еңбегіне арналған іс-шаралар: дөңгелек үстелдер, шығармашылық кештер, сұхбаттар, ғылыми-конференциялар, кітап көрмелері циклін өткізу көзделгенін жеткіземіз.

Атап айтсақ, Алматы қаласы әкімдігі Қазақстан Жазушылары Одағымен, «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз» және тағы басқа басылымдармен бірлесіп 2018 жылы атаулы мерейтойлық іс-шараны бүкіл республика көлемінде өткізуді жоспарланып отыр.

Ақтөбе облысы әкімдігі 2018 жылдың ақпанында Қ.Жұбанов атындағы өңірлік мемлекеттік университетінде «Тарихи тұлғалар тағлымы» республикалық пікірсайыс турнирін, сәуірде Облыстық халық шығармашылығы орталығында «Бабалар өсиеті – ұрпақ қасиеті» облыстық ақындар айтысын, маусым айында «Қазақтың дарабоз ақыны» әдеби кешін, «Мағжан жыры мәңгілік» және «Мұрасы бұлақ сынды таудан аққан» кітап көрмесін ұйымдастыруды жоспарлауда.

Қызылорда облысының әкімдігі «Жырымен жұртын оятқан» атты кітап көрмесінің ұйымдастырылатынын хабарлайды.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі «Мағжан көктемi» Республикалық өнер фестивалін, Аймақтық М.Жұмабаевтың 125 жылдығына арналған ғылыми жобалар байқауын, аймақтық оқу марафонын және тағы басқада іс-шараларды өткізуді жоспарлап отыр.

Сондай-ақ, Министрлік жыл сайын дәстүрлі түрде «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында» Абай атындағы Көркемсөз оқу шеберлерінің республикалық байқауын өткізеді. Байқау ережесіне сәйкес байқауда қазақтың белгілі ақындарының, жазушыларының көркемдігі жоғары поэзиялық және прозалық шығармалары оқылады.

Осы ретте 2018 жылы Солтүстік Қазақстан облысында өткізілетін аталған республикалық байқау Мағжан Жұмабаевтың шығармаларын оқуға арналатын болады.

Сонымен қатар, Мағжан оқуларына келсек, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жыл сайын ақын Мағжан Жұмабаев мұрасын жас ұрпаққа таныту, олардың азаматтық ұстанымының, ұлттық ой-санасының қалыптасуына ықпал ету, ақын өмірі мен шығармашылығын тануға деген қызығушылықтарын арттыру, ақынның рухани мұрасын, ақын өмірі жайлы мәліметтерді игеруді насихаттау, жаңа буынның интеллектуалдық пайым-парасатын арттыру мақсатында республикалық «Мағжан оқулары» байқауы өткізіліп келеді.

Қазіргі таңда, Білім және ғылым министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесе отырып «Мағжан оқуларын» ұйымдастыру бойынша жергілікті атқарушы органдарымен жұмыс жүргізіп жатқанын жеткіземіз.

Министр

А. Мұхамедиұлы

Т. Абишева
740519